

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Ана-тілі жан дүниеміздің айнасы.

ЖАРИЯЛАНДЫ  
04.07.2024СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/158565/

Ерқожа Дина Елмұратқызы.

Тіл халық қазынасы, ұлт құндылығы, халықтың баға жетпес байлығы. Менің ана тілім қазақ тілі. Қазақ тілі мемлекеттік тіл. Туған тілді құрметтеу әрбір адамзатқа міндет. Ана тілі біздер үшін ата бабамыздан келе жатқан баға жетпес ең асыл мұра. Тіл құндылығын жоғалтпау, біздер үшін үлкен парыз болмақ.

Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Ұлттың ең басты сипаты ана тілі. Туған тілдің абыройын асқақтату әрбір адамзаттың абзал борышы. Еліміздің кеңдігімен, теңдігінің айқын көрінісі. Тәуелсіз елдің ендігі жас ұрпақтарын отансүйгіштікпен, ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда, ана тіліміздің атқаратын қызметі орасан зор. Ана тілді құрметтеу, дәріптеу біздер үшін парыз. Сондықтанда осы орайда айтқым келетіні, туған тілімізді бұрмалап, құнды создерде қате жіберуге жол бермеу керек. Ана тілі ар олшемі. Туған тілді ұмыту, ана сүтін ақтамаумен тең.

Тіл таусылмайтын, сарқылмайтын байлық болуы тиіс. Ана тілге деген құрмет, халқымыздың мәдениетін көтереді. Ана тілі адмның ар ұжданы. Халықтың сонбес қуаты. Тіл ұлтпен бірге дамиды. Тіл ең құдіретті, қастерлі қазына. Қашанда болмасын тіл тағдыры ел тағдыры екендігін ұмытпаса деймін. Тіл халықпен бірге өсіп, оркендейді. Тіл жоғалса ұлт жоғалатыны бәрімізге мәлім. Ана тілі жан дүниеміздің айнасы.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.